

Мал және құс ұстау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 16 тамызда N 13-1-50 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012 жылғы 6 наурыздағы N 3 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012.03.06 N 3 Шешімімен (қол қойылған күннен күшіне енеді)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 3-бабының 2-тармағына, "Мал дәрігерлігі туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, сәйкес сессияға бекітуге енгізілген мал және құс ұстау ережесі негізінде қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мал және құс ұстау ережесі бекітілсін, 1-қосымшаға сай.

2. Осы шешім әділет органдарында тіркелгеннен және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші жариялаған күннен соң он күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Б е к і т і л г е н

Петропавл қалалық мәслихаттың

2006 жылғы 7 шілдедегі

26 сессиясының N 5 шешімі

Мал және құс ұстау ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1. Осы ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-

бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, "Мал дәрігерлігі туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Қазақстан Республикасы заңының 10-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, "Агроөнеркәсіп кешендері мен ауыл аумақтарының дамуын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңының 7-бабының 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Петропавл қаласы аумағында мал және құс ұстау тәртібі мен ш а р т ы н б е л г і л е й д і .

2. Ереже меншік нысанынан байланыссыз жеке және заңды тұлғалардың қ мал және құс ұстау құқығы мен міндетін анықтайды.

2. Мал және құс ұстауға қойылатын талаптар

3. Меншік нысанынан байланыссыз мал және құс иеленушілер міндетті:

1) мал және құс ұстау жөніндегі белгіленген мал дәрігерлік-санитарлық н о р м а л а р д ы қ а т а л с а қ т а у ;

2) мал мен құстың сәйкестендірілуін қамтамасыз ету, міндетті мал дәрігерлік іс-шаралар өткізуге қажетті жағдай жасау. Қажетті мал дәрігерлік іс-шаралар өткізгенде мемлекеттік-мал дәрігерлік қызмет мамандарының нұсқауларын о р ы н д а у ;

3) мал мен құс ауырған және өлген жағдайда, ол туралы тәуліктік мерзімде мал дәрігерлік инспекторына хабарлау және мал дәрігерлік инспекторы келгенше ауруында күдік бар малдар мен құстарды бөлек ұстауды қамтамасыз ету және қ а т ы н а с т ы ш е к т е у ;

4) жаңадан сатып алынған мал мен құсты сатып алған сәттен бастап 10 күндік мерзімде мал дәрігерлік мекемесінде тексеруге әкелу және тіркеу, сондай-ақ мал дәрігерлік-санитарлық іс-шаралар жоспарлауды ұйымдастыру мақсатында жаңадан сатып алынған мал мен құстың саны және түрлері туралы шынайы ақпарат беру. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және жағдайда мемлекеттік органдарға жеке қосалқы шаруашылығы туралы а қ п а р а т б е р у ;

5) қиды уақытында тазартуды және осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерге ш ы ғ а р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

6) белгіленген айдау маршруттарына сай малдарды жайылымға жинау орнына және жинау орнынан ұстау орнына дейін алып бару;

7) мал бағуды сол үшін бөлінген учаскелерде жүргізу, қажетті мал дәрігерлік-алдын алу іс-шараларынан өтпеген малдарды бағуға жібермеу.

3. Мал мен құс иеленушілерінің құқығы

4. Кез келген мал мен құс иеленушісінің меншігі болып табылады және небір меншік сияқты заңмен қорғалады.

5. Мал және құс иесінен сот шешімі немесе қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге жағдайларда алынып қоюы мүмкін.

4. Мал және құс ұстаудағы шектеулер

6. Мал және құс ұстағанда тыйым салынады:

1) мал мен құстың, сондай-ақ мал өнімдерінің тиістілігі мен мал дәрігерлік-санитарлық қауіпсіздігін анықтайтын құжаттарсыз әкелуге және шығаруға.

5. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

7. Осы ереженің бұзылуына кінәлі заңды және жеке тұлғалар, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік атқарады.

8. Осы ереженің сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарымен жүзеге асырылады.